

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 13 мамырдағы N 569 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 23 шілде N 1047. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.05.06. N 434 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Кредиторлық берешекті өтеуді ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 13 мамырдағы N 569 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген 1999 жылға арналған республикалық бюджетке кредиторлық берешектерді өтеудің тәртібі туралы ережеде:

8-тармақтың бірінші абзацындағы "бір" деген сөз алынып тасталсын;

1 2 - т а р м а қ т а :

үшінші абзацтағы соңғы сөйлем алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"Анықтамада Астана қаласындағы салық органдарында 1999 жылғы 1 қаңтарға дейін тіркелген берушілер бойынша негізгі борыш өсімақылар және айыппұлдар көрсетіле және берешектердің сомасын Қазақстан Республикасы Президентінің "Астана қаласының арнайы экономикалық аймағын құру туралы" 1996 жылғы 9 қазандағы N 3127 Жарлығымен бекітілген Астана қаласының арнайы экономикалық аймағы туралы ережеде белгіленген 1999 жылға арналған нормативтер бойынша республикалық бюджет пен Астана қаласы бюджетінің арасында бөліне отырып, төлемнің әрбір түрі бойынша берешектің жалпы с о м а с ы к ө р с е т і л е д і . "

46-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте төлем тапсырмасында мынадай деректемелерді көрсету міндетті:

М Ф О ;

ш о т т ы ң н ө м і р і ;

берушінің (салық төлеушінің) атауы;

реттік нөмірімен бірге тоғыз мәнді тіркеу коды, "Кредиторлық берешекті өтеу" деген сөздер және төлемді тағайындаудың мәтіндік кеңістігіндегі төлемдердің түрлері бойынша сомалар; төлем тағайындау коды (107101);

шығыстардың он мәнді коды (бюджеттік ұйымдар үшін);

т ө л е м н і ң ж а л п ы с о м а с ы . "

50-тармақтағы "қазынашылықтың аумақтық органының растауында" деген

сөздер "төлем тапсырмасында" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК